

САҒАТ АШУ

№1 жұмыс дәптері



СЫНЫП

Б. С. Халыкова, Г. Ж. Есенжолова, А. К. Биисова

САУАТ АШУ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
0-сыныбына арналған № 1 жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 74.3
X 17

Шартты белгілер:

 – дауысты дыбыс

 – дауыссыз дыбыс

 – сөз

 – буын

 . – сөйлем

 – Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма.

 – Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма.

 – Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма.

Халыкова Б. С. т.б.

X 17 **Сауат ашу.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 0-сыныбына арналған № 1 жұмыс дәптері / Б. С. Халыкова, Г. Ж. Есенжолова, А. К. Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2018. – 68 б.

ISBN 978-601-249-340-5

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-249-340-5

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2018

ҚЫМБАТТЫ ДОСЫМ!

Қолыңдағы дәптердегі тапсырмаларды орындай отырып, *дыбыс, буын, сөз және сөйлем* дегеннің не екенін білесің. Сөйлеу, дыбыс туралы алғашқы түсініктерің қалыптасатын болады. Сөз ішіндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйренесің. Естігеніңді түсініп, жауап қайтаруға, мәдениетті сөйлеуге үйренесің. Жазу жазатын құралдарды дұрыс ұстап, сурет саласың, бояйсың, сызасың және штрихтайсың. Сурет және сызба бойынша сөйлем құрастыру, жұмбақ шешу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы зерделі болуға дағдыланасың.

Сәттілік тілейміз!

ӨЗІМ ТУРАЛЫ МЕН КІММІН?





Менің атым – Алма.

Ал менің атым – Алмат.



- Суреттерге қара.
- Суреттерді боя.
- Өзің туралы айт.



ДЕНЕ БӨЛІКТЕРІ


- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
 - Адамның дене бөліктерін тап. Ата.
 - Адамның дене бөліктерін жасыл қарындашпен қоршап сыз.
- Ойыншықтарды қызыл қарындашпен қоршап сыз.



- Суреттерге қара. Тыңда. Көрсет.
- Баланың көңіл күйі қалай? Айт.
- Сенің көңіл күйің қалай?



- Суретке мұқият қара. Суретші ұмытып кеткен бет бөліктерінің суретін сал. Суретті аяқта.




МЕНІҢ ДЕНЕМ





- Суретте не бейнеленген? Айт. Өзіңнің сол қолыңды (оң қолыңды) көрсет.
- Қолыңды үзбей сызу арқылы қолдың суретін бастырып сыз.
- Қағаз бетіне өзіңнің қолыңды қойып, қолыңның бойымен қарындашпен жүргіз.








● Оң алақанды көк түске, ал сол алақанды қызыл түске боя.



- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі дене бөліктерін, заттарды ата.
- Дене бөлігін оған сәйкес келетін киіммен сызық арқылы қос.



- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі киімдерді ата. Көрсет.
- Қыз бала мен ұл баланың киімінің суретін аяқта. Қыз баланың киімін қызыл түске, ұл баланың киімін көк түске боя.





ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІ

Дыбысты естіміз, айтамыз.



- Суреттерге қара. Заттарды ата.
- Дыбыс шығармайтын затты қоршап сыз.



- Үзік сызық бойымен бастырып сыз.
- Суреттерге қара. Көрсет. Ата.
- Сұрақтарға жауап бер.

Не «шыр-р-р» деген дыбыс шығарады?


Не «пс-с-с» деп айғайлайды?

Не «гу-у-у» деп соғады?

Не «ыс-с-с-с» деп ысылдайды?



- Мұқият тыңда. Не қалай дыбыстайды? Көрсет.
- Не қалай дыбыстайды? Айт.
- Нысандарды олардың дыбыстарымен сызық арқылы қос.




Бум-бум-бум



Тырс-тырс-тырс



Ыз-ыз-ыз-ыз







Тақ-тақ-тақ



Тық-тық-тық

- Суреттегі жануарларды көрсет.
- Суреттегі жануарларды ата. Боя.
- Суретте бейнеленген жануарлар қалай дыбыстайды? Айт.

Мысалы: қозы маңырайды: «М-ә-ә-ә, м-ә-ә-ә».



- Тіл ұстарту өлеңін тыңда және қайтала.
Өлеңде қандай жануарлар туралы айтылған?

Зау-зау-зау,
Мөңірейді бұзау.

Шақ-шақ-шақ,
Құлдырайды құлыншақ.


Зы-зы-зы,
Моп-момақан қозы.

Ақ-ақ-ақ,
Секендеген лақ.

● Суретке қара. Көрсет. Ата.

● Тыңда, ненің дыбысы қатты, соны көк қарындашпен қоршап
сыз. Ненің дыбысы ақырын, соны қызыл қарындашпен қоршап
сыз.







● Олар қалай дыбыстайды? Айт.



СӨЗ





- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата. Боя.
- Суреттегі заттардың атауларын заттық сызбамен белгіле.

Мысалы: *шәйнек* – 




- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата. Боя.
- Суретте неше зат болса, соншама сөз сызбасын сал. Сана.

Мысалы: шелек, қалақ –



МЕНИҢ ЖАҚСЫ КӨРЕТІН ІСТЕРІМ



- Суреттерге қара. Көрсет. Боя.
- Суреттерге қара. Балалардың әрекеттері туралы айтып бер.



- Сызбаның суретін сал. Әрекетті білдіретін сөздерді айт.

Үлгі: ойнайды –



- Суреттерге қара. Көрсет. Жұмыс құралдарын ата.
- Суреттерге қара. Балаларға қандай жұмыс құралы қажет?
- Жұмыс құралдарын балалардың сәйкес суретімен сызық арқылы қос. Боя.



- Әрекетті ата. Сызбаның суретін сал.

Үлгі: Отын жарады. – ☐ ☐

- Суреттерге қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттерге қара. Балалардың іс-әрекеттерін ата.



- Әрбір сурет бойынша әңгіме құра.

Үлгі: Дананың қуыршағы бар. Ол қуыршақпен ойнағанды жақсы көреді.

МЕНИ ҚОРШАҒАН ЗАТТАР






● Суретке қара. Заттарды ата. Көрсет.

● Үлкен және кішкентай заттарды ата. Көрсет.


● Тапсырманы орында. Жуан қарындашты қызыл түске, ал жіңішке қарындашты көк түске боя.

Жалпақ мойынорағышты жасыл түске, ал жіңішке мойынорағышты сары түске боя.


Үлкен допты қызыл түске, ал кішкентай допты жасыл түске боя.



- Шұңғыл, таяз тәрелкелерді көрсет. Ата.
 - Шұңғыл тәрелкеге қызыл алманың суретін сал.
- Таяз тәрелкеге сары алмұрттың суретін сал.
Суретті боя.



- Қалың және жұқа кітаптарды көрсет. Ата.
 - Қалың кітапты ұл балаға бер.
- Жұқа кітапты қыз балаға бер.
Оларды сызықпен қос.






КІМ БАЙҚАМПАЗ?

● Суреттегі жасырынған заттарды тап. Көрсет.





Бірінші суреттегі заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз.

Екінші суреттегі заттарды көк қарындашпен қоршап сыз.

● Нұсқар бойынша үзік сызық бойымен бастырып сыз.



● Суретке қара. Қонжық не істеп отыр? Көрсет. Айт.




- Қонжықтың қарындаштары қандай? Көрсет. Айт.
- Қонжықтың жуан қарындашын қызыл түске, ал жіңішке қарындашын көк түске боя. Қонжықтың дәптеріндегі жолақтарды қарындаштың түстеріне сәйкес боя.




● Тыңда. Айт. Көрсет.

● Үлкен шарларды қызыл қарындашпен боя.


Кішкентай шарларды жасыл қарындашпен боя.



- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суретке қара. Қатты заттарды тап. Жұмсақ заттарды тап. Ата. Боя.
- Қатты заттарды қызыл түсті қарындашпен, ал жұмсақ заттарды жасыл түсті қарындашпен қоршап сыз.









- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суретке қара. Жемістер мен көкөністерді ата. Боя.
- Қатты жемістер мен көкөністерді себетке, ал жұмсақ жемістер мен көкөністерді сөмкеге «сал». Оларды сызықпен қос.




- Суреттерге қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата.
- Суреттегі заттардың санын ата.

Үлгі: бір қарындаш, көп қарындаш.



Жұмбақты тыңда. Шешуін тап.



Қысқа таяқ діңі бар,
Шиырлаған ізінде
Сайрап тұрар тілі бар.





Тіл жоқ өзінде,
Сөзі бар ізінде.


● Суретке қара. Көрсет. Ата.

● Барлық кішкентай заттарды қызыл түспен, үлкен заттарды жасыл түспен боя.

● Артық заттарды сызып таста.



● Қолды қағаздан алмай суреттерді бастырып сыз. Ата.







СӨЙЛЕМ


- Суретке қара. Көрсет. Ата.
- Жануарларды жол бойымен жүргіз.
- Сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сал.

Үлгі: *Қоян сәбізді жақсы көреді.*

.



● Сызықты нұсқар бойынша жүргіз. Суретті бастырып сыз.



● Сурет бойынша сөйлем құра. Сызбаның суретін сал.

Үлгі: Құс ұяға қонды. – .


ЖАЗУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қыз баланың оң қолын, сол қолын көрсет. Түсіндір.


Қыз баланың сол қолындағы шарларды көк түске, ал оң қолындағы гүлді қызыл түске боя.




● Оң жаққа жүзіп бара жатқан кемелерді сары түске, ал сол жаққа қарай жүзіп бара жатқан кемелерді қызыл түске боя.



● Қарындашты нүктеге қой. Жоғарыдан төменге қарай сызық бойымен бастырып сыз.




● Бұлттан гүлге қарай сызық жүргіз.




ШТРИХТАУ

● Суретке қара. Көрсет. Ата.

● Фигураларды үлгі бойынша штрихта. Нұсқар бағытына назар аудар.



● Нүктелі сызық бойымен бастырып сыз.



● Өлеңді тыңда. Айт. Не туралы айтылады?

● Тыңда. Қайтала. Жаттап ал.




Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Ұзын құлақ сақ қоян.
Қаша берсең орманға,
«Қорқағым» деп ат қоям.

БУЫН

- Суретке қара. Көрсет.
- Суретте не бейленеген? Ата.
- Ойлан. Сөзді буынға бөл. Буындарды сана. Сөздің астына буын сызбасын сал.


Мысалы: *мысық* –

--	--






- Суретке қара. Көрсет.
- Суретте не бейнеленген? Ата.
- Ойлан. Сөзді буынға бөл. Буындарды сана.

Сөздің астына буын сызбасын сал. Бір буынды сөзді қызыл қарындашпен қоршап сыз. Екі буынды сөзді көк қарындашпен қоршап сыз.



- Суретке қара. Көрсет.
- Суретте не бейнеленген? Ата.
- Сөзді буынға бөл. Буындардың сызбасын сал.
Буындарды сана. Бір буынды суретті боя.



- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Сөздерді буынға бөл.
- Суретті сәйкес сызбамен сызық арқылы қос.

Мысалы: Ай –





--	--







--	--



--	--	--

ДЫБЫС

- Суреттерге мұқият қара. Тыңда. Көрсет.
- Сөздің дыбыстық құрамын анықта.
- Дауыссыз дыбыстан басталған сөзді көк қарындашпен, дауысты дыбыстан басталған сөзді қызыл қарындашпен қоршапсыз.



- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суреттегі затты ата.
- «Алма» сөзіне дыбыстық талдау жаса. Торкөзге дыбыстардың белгісін сал.



--	--	--	--

- Суретке қара. Тыңда. Көрсет. Заттарды ата.
- Суретке қара. Буынға бөл. Заттар атауының бірінші дыбысын ата.
- Суреттегі заттар атауының бірінші дыбысы бойынша сөз құрастыр. Жазбасын сал.


Мысалы: алмұрт –

--

 ,

--	--





 , бірінші дыбысы «а», «а» дыбысына басталатын сөздер: алма, ай, айна, алша



--	--	--	--




- Суретке қара. Тыңда Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата. Көрсет.
- Дыбысталуы ұқсас сөздерді көрсет. Ата.




ЖАЗУҒА ДАЙЫНДЫҚ

● Қарындашты нүктеге қой. Нұсқар бағыты бойынша сызық бойымен бастырып сыз.




● Қарындашты нүктеге қой. Нұсқар бағыты бойынша сызық бойымен бастырып сыз.




МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

МЕНИҢ СЫНЫБЫМ

- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суретті боя. Сыныптағы жиһаздарды ата.












● Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз. Әрі қарай өзің жалғастыр.




ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

- Суреттерге қара. Оқу құралдарын тап. Көрсет.
- Оқу құралдарын тап. Ата.
- Оқу құралдарының суретін боя.



● Суретке қара. Көрсет. Ата.

● Қарындаштарды түрлі түске боя. Қорапқа сурет сал.



- Алмаға сабаққа жиналуға көмектес. Оқу құралдарын тап.
- Оларды қызыл сызықпен қоршап сыз. Оларды Алманың сөмкесімен сызық арқылы қос.



- Сурет бойынша сөйлем құра. Сызбаның суретін сал.
Үлгі: Алма сөмкесіне қалам салды.

МЕКТЕПKE САЯХАТ






● Суреттегі заттарды көрсет. Ата.

● Мектеп жиһаздарын боя.

● Асханаға қатысты заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз.

Спорт залына қатысты заттарды көк қарындашпен қоршап сыз.

Мектеп жиһаздарын жасыл қарындашпен қоршап сыз.



ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Суреттерге қара. Көрсет.
- Тәртібі дұрыс оқушыларды қызыл қарындашпен қоршап
сыз. Тәртібі дұрыс емес оқушылардың суреттерін жасыл
қарындашпен сыз.
- Сурет және сызба бойынша сөйлем құра.

□ □ .

□ □ □ .

□ □ □ □ .



- Суретке қара. Көрсет. Ата.
- Аңдарға мектепке баруға көмектес.



- Тапсырманы орында.
Суретке қара. Ойлан. «Қасқыр», «түлкі», «қоян» сөздерінде неше буын бар? Сызбамен көрсет.

Қасқыр

Түлкі

Қоян


- Тіл ұстарту өлеңін тыңда және қайтала.




Гу-гу, гу-гу, гуілде,
Қалып қойма бірің де.
Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.

КІМ БАЙҚАМПАЗ?


- Суреттегі тығылып қалған заттарды тап. Көрсет.
- Бірінші суреттегі заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз. Екінші суреттегі заттарды көк қарындашпен қоршап сыз.




- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз. Әрі қарай өзің жалғастыр.



- Суретке қара. Көрсет. Ата.
- Суреттердегі заттарды бір сөзбен қалай атауға болады?
- Әрбір заттың астына сөздің сызбасын сал.



- Суретке қара. Күн сәулелерін жүргіз. Суретті боя.



- Сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сал.

Үлгі: Күн жарқырап шығып тұр.

- Жұмбақты тыңда.
Шешуін тап.





Аспанда бір айна бар,
Әлемді көріп айналар.


- Жұмбақтың шешуін сызбамен жаз.

- Суретке қара. Көрсет.
- Әрқайсысын өзіне сәйкес келетін ойыншықпен қос.
- Сурет бойынша сөйлем құра.


Үлгі: *Алманың секіртпе жібі бар.*



- Суреттерге қара. Көрсет.
- Ойыншықтардың түстері әртүрлі болатындай етіп боя.
- Кім немен ойнайды? Тап.




- Өлеңді тыңда. Айт. Не туралы айтылады?
- Жаттап ал.



Ойыншықтарым көп менің,
Бәрін жақсы көремін.
Кешке дейін жалықпай,
Бірге ойнап жүремін.

МЕНИҢ ОЙЫНШЫҚТАРЫМ

- Суретке қара. Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата. Өзіңнің таңдауыңды түсіндір.
- Оқу құралдарын айналдыра сыз. Ойыншықтарды боя.






- Тіл ұстарту өлеңін тыңда және қайтала.




Ың-ың-ың – қандай биік шың,
Ос-ос-ос – құстар бізге дос.
Қа-қа-қа – ұшады зымыран алысқа.


- Суретке қара. Ойыншықтарды ата.
 - Қолыңды үзбей сызу арқылы ойыншықтарды бастыр.
 - Ойыншықтарды боя.
- Сөзді айт, сөзді буынға бөліп айт.



- Суретке қара. Ойыншықтарды ата.
 - Қолыңды үзбей сызу арқылы ойыншықтарды бастырып сыз.
 - Ойыншықтарды дәл үлгідегідей етіп боя.
- Дыбыстық құрамына назар аудар.






- Өлеңді тыңда. Айт. Не туралы айтылады?
- Тыңда. Қайтала. Жаттап ал.



Топ-топ, добым, домалақ,
Қайда кеттің домалап.
Бір, екі деп екі ұрдым.
Шатырға сен секірдің.


ЖАЗУҒА ДАЙЫНДЫҚ

- Суретке мұқият қара. Тыңда.
- Сызықтар әртүрлі болады. Көлденең, тік, көлбеу сызықтар болады. Көрсет.


	
Тік сызықтар	Көлденең сызықтар
Көлбеу сызықтар	
	

- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз.
Әрі қарай өзің жалғастыр.


● Көлбеу сызықтарды жасыл түсті қарындашпен, тік сызықтарды қызыл түсті қарындашпен, ал көлденең сызықтарды көк түсті қарындашпен бастырып сыз.




● Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз.
Әрі қарай өзің жалғастыр.




- Суретке қара. Көрсет.
- Суреттегі заттарды ата. Боя.
- Әрбір топта басқаларына сәйкес келмейтін артық зат бар. Соны тап. Артық затты ғана боя.



- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз. Әрі қарай өзің жалғастыр.




Суреттерге қара. Не жетіспейді?
Гүлдердің суретін сал.






- Өлеңді тыңда. Айт. Не туралы айтылады?
- Жаттап ал.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер.
Күн нұрына боянып,
Көрік бердің далаға.

- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз. Әрі қарай өзің жалғастыр.



- Суретке қара. Айт. Боя.
- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз.
Әрі қарай өзің жалғастыр.



- Тіл ұстарту өлеңін тыңда және қайтала.



Ық-ық-ық,
Тышқан жейді мысық.

- Суреттерге қара. Тыңда. Көрсет.
- Сурет және сызба бойынша сөйлем құра.






--	--	--	--




--	--	--	--


- Суретке қара. Көрсет. Ата.
- Суретке қара. Ойлан. Заттар тобындағы артық затты тап.
- Артық затты боя. Таңдауыңды түсіндір.




- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз.
Әрі қарай өзің жалғастыр.




- Суретке қара. Көрсет. Ата.
- Тиінге жолдан шығып кетпей, үйге жетуге көмектес.




- Суретке қара. Тыңда. Көрсет.
- Суретке қара. Сенің санау таяқшаң бар ма?
Суреттегі пішіндерді құрастыр.
- Санау таяқшаларынан суреттегі пішіндерді құрастыр.
Тағы да қандай пішіндерді құрастыра аласың?




- Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз.
Әрі қарай өзің жалғастыр.





● Қарындашты нүктеге қой. Қарындашты қағаздан алмай, нұсқар бағыты бойынша сызық бойымен бастырып сыз.



● Үзік сызық бойымен суреттерді бастырып сыз. Әрі қарай өзің жалғастыр.





● Суреттерді штрихта.



● Суретке қара. Тыңда. Көрсет.

● Суреттегі жануарларды, заттарды ата.

● Қарындашты қағаздан алмай, нұсқар сызық бойынша пішіндер бойымен бастырып сыз.



Оқу басылымы

**Халыкова Баглана Сансызбаевна
Есенжолова Гүлия Жангазиевна
Биисова Аслима Кабекешовна**

САУАТ АШУ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
0-сыныбына арналған № 1 жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшілері Д. З. Айтжанов, Ж. К. Мамырбаев, Г. Н. Нурмаханова
Компьютерде беттеген С. К. Ильясова

Басуға 11.06.2018 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 8,5. Шартты баспа табағы 7,91.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$. Офсеттік қағаз